

егемен  
Алғарасат

## Таяу Шығыстағы маңызды стратегиялық әріптес

Кеше Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Израиль Мемлекетінің Президенті Шимон Переспен кездесті. Ресми қарсы алу рәсімінен кейін екі елдің президенттері шағын құрамдағы көліссөз үстеліне отырды.

Белоруссияның Вишнево қаласында 1923 жылы өмірге келіп, 1934 жылы Палестинаға қоныс аударған Шимон Перес Израиль мемлекетінің қайта құрылып, дамуына үлкен еңбек сінірген тұлғалардың бірі. 1948 жылдан бастап ол елдің әскери-теңіз күштерінің қолбасшысы, қорғаныс министрінің көмекшісі, осы министрліктің АҚШ-тағы өкілдігінің басшысы, т.б. қызметтерді атқару арқылы 1965 жылға дейін Израильдің қарулы күштерінің құрылуы мен дамуының басы-қасында болды. 1965 жылы “Рафий” партиясының бас хатшысы болып сайланған сәттен Ш.Перес елдің бірнеше министрлігінің басшысы, Кнессеттің депутаты, сосын екі рет Премьер-министр қызметіне сайланып, төрт рет Премьер-министрдің орынбасары қызметіне тағайындалды. 2007 жылдың маусым айында болған президенттік сайлауда жеңіп шыққан ол қазірге дейін осы қызметті атқарып келеді. Таяу Шығыстағы жағдайды бейбіт жолмен реттеуге сінірген еңбегі үшін оған 1994 жылы Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығы берілген.

Қазақстан мен Израиль арасындағы жоғарғы деңгейдегі кездесулер бұған дейін де бірнеше рет болған. Соның ішінде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев 2000 жылдың сәуір айында Израильге барған ресми сапары барысында екі елдің арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияға қол қойылған болатын. Ал ел басшылары соңғы рет үстіміздегі жылдың қаңтар айында Давоста өткен Бүкіләлемдік экономикалық форумда кездескен еді.

Екі елдің арасындағы парламентаралық үнқатысулар да жақсы жолға қойылған. Екі жақтың парламенттерінде де ынтымақтастық топтары бар. Кнессете 2003 жылдан бастап құрылған “Израиль-Қазақстан” достық лигасын Кнессет депутаты А.Коэн басқарады. 2008 жылдың 13-15 мамыр аралығында Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған қазақстандық делегация Израиль Мемлекетінің 60 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысып қайтты. Сол жолы спикер Президент Ш.Переске Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстанға шақыруын табыс еткен болатын.

Соңғы жылдары екі елдің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың да арта түскені байқалады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша екі елдің арасындағы тауар айналымы 2 млрд. 431 млн. АҚШ доллары көлеміне жетті. Соның ішінде экспорт – 2 млрд. 226 млн., импорт 205 млн. АҚШ долларын құрады. Ал 2007 жылғы тауар айналымы 1,2 млрд. долларды ғана құраған-тын.

Израиль Қазақстаннан негізінен шикі мұнай, өсімдік майын, химия өнеркәсібі өнімдерін т.б. алады. Ал Қазақстан Израильден тамак өнімдерін, мәшинелер мен құрал-жабдықтар, қару-жарақ т.б. импорттайты. Қазір Қазақстанда израильдік капиталдың қатысуымен 182 кәсіпорын ашылған. Олар негізінен мұнай-газ, металлургия, тау-кен және өндеу өнеркәсіптерінде, кабель өндірісі, құрылыш, қызмет көрсету, сауда, т.б. салаларда жұмыс істейді.

2001 жылдың наурыз айында Қазақстанның израильдік достарының клубы ашылды. Оның президенті болып белгілі саясаткер Дан Тихон сайланды. Сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі дамыту мақсатымен 2004 жылы Израильде “Израиль-Қазақстан” атты сауда-өнеркәсіптік палата құрылды.

Екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттарына жоғары технология, биотехнология, ауыл шаруашылығы, медицина, мұнай және басқа да табиғи ресурстарды өндеу, зергерлік бұйымдар өндіру, туризм, т.б. жатады.

Энергетика саласындағы өзара іс-қимылдар белсенді түрде дамып келеді. Тауар айналымындағы экспорттың 90 пайызы қазақстандық мұнайға тиесілі екенін айтуды керек. Ортамерзімді болашақта Израильдің Каспий мұнайын Жерорта және Қызыл теңіз аралығындағы құбырлар арқылы Азия-Тынық мұхиты аймағына жеткізуге оператор болу ниеті бар. Сонымен қатар, Израильді Қазақстанның Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен сауда қатынасындағы әлеуеті де қызықтырады. Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруда да Израильге маңызды орын берілуде. Екі ел арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның бесінші отырысы үстіміздегі жылы Астана қаласында өтпек. Сонда осы мәселеле туралы кейбір келісімдер қаралатын болады.

Екіжақты келіссөз шағын құрамнан соң кеңейтілген отырыста жалғасты. Оны Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ашып, шағын сөз сөйлемді. Онда Елбасы Израильді Таяу Шығыстағы көпқырлы ынтымақтастық орнатқан маңызды стратегиялық әріптес санайтынын айтты. Онаша кездесуде біз екі елдің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға негіз болатын Израильдің ғылыми-техникалық әлеуеті, дамыған индустриясы мен ауыл шаруашылығы, инвестициялары туралы әңгімелестік. Бүгінгі күні Қазақстан әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарын жою жолында енбек етуде. Сонымен қатар, біз постдағдарыстық кезеңдегі даму, Қазақстанның индустрияланыруды мәселесімен де шүғылданудамыз. Израильмен ынтымақтастық біздің осы стратегиямызды іске асыруда зор маңызға ие болады деп ойлаймыз, дей келіп екі елдің арасындағы сауда айналымының өткен жылы 2,5 есе өскенін атап өтті.

Сонымен бірге, Елбасы Ш. Переспен бірге келген израильдік бизнесмендердің қатысуымен өтетін бизнес-форумның жұмысының сәтті боларына сенім білдірді. Сөзінің соңында Н.Назарбаев шағын құрам-

дағы кездесуде осы заманғы қауіп-қатерлер туралы да ой бөлісілгенін атап өтті. Өзінің сөзінде Ш.Перес Қазақстанды Израильдің досы санайтынын және өзі Қазақстанға келген Израильдің алғашқы Президенті екенін айтты. Одан әрі ол Н.Назарбаевтың бейбіт бастамалары тарапына жылы лебіздер білдірді.

Екі елдің лидерлері кездесу қорытындысы туралы кеңейтілген құрамдағы келіссөзден кейін болған баспасөз мәслихатында да егжей-тегжейлі айтып берді.

Оны ашқан Нұрсұлтан Назарбаев екі елдің арасындағы қарым-қатынастардың тарихына шағын шолу жасап, оның үнемі даму үстінде екеніне қанағат білдірді. Сонымен қатар, біз, әсіресе, Израильдің жоғары және нанотехнология, ғарыш, медицина, ғылыми-зерттеу салаларымен ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз, деді Қазақстан басшысы. Сөзінің соңында екі елдің арасындағы қарым-қатынас осы кездесуден соң жаңа, кенірек арнаға түсетініне сенім білдіре келіп, журналистерге мәртебелі қонақтың ертең басталатын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезіне құрметті қонақ ретінде қатысып, сөз сөйлейтінін жеткізді.

Қарымта сөзінде Ш.Перес өзінің атына айтылған жылы сөздер мен жақсы қарсы алуға байланысты ризашылығын білдіре келіп, келіссөздердің пайдалы болғанын атап көрсетті. Мен Қазақстан Президентін біздің заманымыздың ұлы құрылышшыларының бірі санаймын, ол тарихи қысқа мерзімде жаңа мемлекет қана емес, тамаша астана да тұрғызып ұлгерді, деді ол. Одан әрі Елбасының халықаралық қатынастағы белсененді әрекеттеріне, құнды бастамаларына, соның ішіндегі әртүрлі діндер лидерлерінің басын қосуына жоғары баға бере келіп, Қазақстанның әлемдік байланыстар орталығына айналып келе жатқанын мәлімдеді. Мен Қазақстан басшысының Таяу Шығыстағы кикілжіндерді реттеу жөніндегі ұстанымдарын да құнды деп санаймын, деді жоғары мәртебелі мейман.

Президенттер журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Авторы: Жақсыбай Самрат